

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан
облысындағы департаментінің жанындағы
қоғамдық кеңес туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы департаментінің жанындағы қоғамдық кеңес (*бұдан әрі – Қоғамдық кеңес*) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы департаментінің (*бұдан әрі – Департамент*) жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Қоғамдық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**2. Қоғамдық кеңестің негізгі мақсаттары,
міндеттері мен принциптері**

3. Қоғамдық кеңестің мақсаты:

1) мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру, қоғам өмірінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша ұсыныстар дайындау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру, мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен және халықпен өзара іс-қимылын жандандыру;

2) мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес, қоғамдық және жастар ұйымдардың, қоғам қайраткерлерінің және ел тұрғындарының күштерін азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, халықтың мемлекеттік органдармен қарым-қатынасын оңайлатуға және қоғам өмірінің барлық салаларында халықты қолжетімді жоғары сапалы қызметтермен қамтамасыз етуге бағытталған, мемлекеттік қызметтердің қол жетімділігін және сапасын бақылауын қамтамасыз етуге біріктіру.

3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқықбузышылықтарын болдырмауға, алдын алуға, ескертуге бағытталған бірлескен шаралар өткізу жолымен кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделелерін қамтамасыз ету.

4. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілетін жұмыстар шегінде, сондай-ақ халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде мемлекетпен және азаматтық қоғаммен кері байланысты қамтамасыз ету;

2) жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жасасу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіруге және мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтерді сапалы ұсынуын дамытуға бағытталған азаматтық қоғамның ұсыныстарын талдау.

4) кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасайтын әкімшілік бөгеулерді анықтау және жою, оларды шешу бойынша кешенді шараларды дайындау.

5) кәсіпкерлік субъектілерді заңсыз тексеру фактілерін болдырмау бойынша жүйелі шараларды қабылдау.

5. Қоғамдық кеңес қызметінің негізгі принциптері ашықтық, айқындық және заңдылық болып табылады.

Қоғамдық кеңес барлық азаматтық қоғам институттарымен кең ынтымақтастық жасасу үшін ашық болып табылады.

3. Қоғамдық кеңестің негізгі функциялары

6. Қоғамдық кеңес өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды орындайды:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әдістері мен нысандарын жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар дайындап, құзыретті органдарға енгізу;

2) мемлекеттік қызметтердің сапасын көтеру, мемлекеттік қызметтер туралы заңнамасын жетілдіру, қоғамдық мониторингі ұйымдастыру мәселелері бойынша тиісті мемлекеттік органдарға, оның ішінде жоғары тұрған органдарға ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

3) сыбайлас жемқорлық қатерлерге едәуір бейім салаларды анықтау мәселелері бойынша ғылыми ұсынымдарды енгізу және олардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған бағдарламалар мен жоспарларды іске асыру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету жөнінде ұсыныстарды енгізу;

5) қоғамдық мониторингтің қорытындыларын, сондай-ақ қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша мемлекеттік органдардың қабылдаған шараларын қарау;

6) халықты сыбайлас жемқорлықтың шығу көздері мен сыбайлас жемқорлықтың теріс әсерлері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның алдын алу әдістері туралы хабардар ету;

7) мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруға азаматтық қоғамның субъектілерін тарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) кәсіпкерлік субъектілердің заңды мүдделерін қорғаумен байланысты құқық қорғау қызметін реттейтін құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

9) мүдделі мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және халыққа мемлекеттік қызметтердің сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша бірлескен іс-шараларды жүргізу;

10) сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету және мемлекеттік қызметтерді ұсынудың сапасын арттыру бойынша қабылданған шаралар туралы мемлекеттік органдардың басшыларын, жауапты лауазымды тұлғаларын тыңдау;

11) мемлекеттік қызмет көрсету туралы заңнаманың талаптарын сақтамағаны, сондай-ақ қоғамдық мониторингтің нәтижелері бойынша шаралар қабылдамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын тәртіптік жауапқа тарту туралы ұсыныстар әзірлеу;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да функцияларды орындау.

13) Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту бойынша мемлекеттік органдардың басшыларын және жауапты лауазымды тұлғаларын тыңдау.

14) Мемлекеттік қызметтер туралы заңнаманың талаптарын сақтамау үшін сонымен бірге қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша шаралар қолданбағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар шығару.

15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да функциялар

4. Қоғамдық кеңесті құру тәртібі және өкілеттіктері

7. Қоғамдық кеңестің құрамы Департаменттің қызметкерлерінің санынан, Парламент депутаттарының, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының, кәсіпкерлік субъектілері өкілдерінің қатарынан құрылады.

8. Қоғамдық кеңестің құрамына Департамент басшысының бұйрығымен бекітілетін, Төраға оның орынбасарлары және Қоғамдық кеңестің мүшелері кіреді.

9. Қоғамдық кеңестің құқықтары:

1) Қоғамдық кеңес отырыстарының нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алу бойынша, сондай-ақ мемлекеттік

қызмет көрсетулердің сапасын жақсарту бойынша жедел, ұйымдастыру және заңнамалық шараларды қабылдау жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу;

2) азаматтық қоғамды мемлекеттік органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы және қызметтердің сапасы бойынша ынтымақтасу тетіктерін жетілдіруге тарту;

3) мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін мәжілістерге шақыруға;

4) сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күреске бағытталған өзекті және кейінге қалдыруға жатпайтын алдын алу шараларын ұйымдастыру және қаржылай қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ұсыныстар енгізу;

5) сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету және мемлекеттік қызметтерді ұсынудың сапасын арттыру бойынша қабылданатын шаралар туралы мемлекеттік органдардың басшыларын, жауапты лауазымды тұлғаларын тыңдау.

10. Қоғамдық кеңестің мүшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың процессуалдық қызметіне араласуға құқықсыз.

11. Қоғамдық кеңестің Төрағасы:

1) Қоғамдық кеңестің ішкі тәртіп мәселелерін басқарады;

2) Қоғамдық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның мәжілістерінде төрағалық етеді, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарын бекітеді;

3) Қоғамдық кеңес мәжілісінің күн тәртібінің жобасын жасайды;

4) Қоғамдық кеңестің мүшелеріне өз күзіретіне жататын мәселелер бойынша басқа да тапсырмалар береді;

5) Қоғамдық кеңес мәжілісінің хаттамаларына, құқық бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдар мен ұсыныстарға қол қояды.

12. Қоғамдық кеңестің мүшесі құқылы:

1) Қоғамдық кеңес қызметінің кез-келген мәселесі бойынша өз пікірін еркін айтуға, күн тәртібіндегі және талқылаудағы мәселелерге ұсыныстар, ескертулер мен түзетулер енгізуге;

2) Қоғамдық кеңестің мәжілістеріне, Қоғамдық кеңестің өткізетін басқа да іс-шараларына өзі қатысуға;

3) өзі мүшесі болып табылмайтын Қоғамдық кеңестің жұмыс топтарының мәжілістеріне кеңесші дауысы құқығымен қатысуға;

4) Қоғамдық кеңестің мәжілістеріне материалдар, олардың шешімдерінің жобаларын дайындауға, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерін іске асыруға қатысуға;

5) Агенттік қызметкерлеріне, Қоғамдық кеңес мәжілісіне шақырылған басқа да тұлғаларға сұрақтармен жүгінуге;

6) Қоғамдық кеңес мәжілістерінің хаттамаларымен және материалдарымен танысуға;

7) Қоғамдық кеңестің немесе Қоғамдық кеңес жұмыс тобының шешімімен келіспеген жағдайда, Қоғамдық кеңестің немесе жұмыс тобының мәжіліс хаттамасына енгізіліп, тиісінше осы пікір айтылған тұлғаға қатысты шешімге қоса берілетін ерекше пікірлерді жазбаша түрде беруге құқылы.

13. Қоғамдық кеңестің мүшесі:

1) Қоғамдық кеңес отырысының жұмысына, Қоғамдық кеңестің өткізетін өзге де іс-шараларына өзі қатысуға;

2) мүмкін болмаған немесе себепті жағдайлар бойынша Қоғамдық кеңес отырысына қатыса алмағанда, мәжіліс басталғанға дейін Қоғамдық кеңестің Төрағасына мәлімдеуге;

3) Қоғамдық кеңес отырысында өзіне қабылдаған тапсырмаларды орындауға;

4) Қоғамдық кеңестегі өз қызметінде тәртіп пен этика талаптарын сақтауға міндетті.

5. Қоғамдық кеңес отырыстарын өткізу нысандары

14. Қоғамдық кеңес отырысы жылына кемінде екі рет өткізіледі.

15. Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысы Қоғамдық кеңес Төрағасының шешімі, Агенттік Төрағасының немесе Қоғамдық кеңес мүшелерінің үштен бірінен астамының бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін.

16. Қоғамдық кеңестің кезектен тыс пленарлық отырысының бастамашысы Қоғамдық кеңес төрағасының қарауына тақылау үшін сұрақтардың тізбесі мен олар бойынша қабылданатын шешімдердің жобаларын енгізеді.

17. Қоғамдық кеңестің Төрағасы Агенттік Төрағасының келісімі бойынша Қоғамдық кеңестің жұмыс тәртібін белгілейді және оны өткізу күнін тағайындайды.

6. Қоғамдық кеңес отырыстарын өткізу тәртібі

18. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің мүшелеріне Қоғамдық кеңестің пленарлық отырысының өткізілу күні мен күн тәртібі және онда қаралатын мәселелер туралы оның өткізілетін күнінен 7 күн бұрын хабарлайды. Департаменттің тиісті бөлімшелері Қоғамдық кеңес шешімінің жобалары мен мәселелер бойынша басқа да материалдарды, соның ішінде қызмет бабында пайдалану үшін құжаттарды Қоғамдық кеңес Төрағасының келісімі бойынша әзірлейді және Қоғамдық кеңес мүшелеріне оларды Қоғамдық кеңестің отырыстарында қарағанға дейін 5 күн бұрын жолдайды.

19. Қоғамдық кеңестің отырысын, әдетте, Қоғамдық кеңес Төрағасы немесе оның тапсырысымен орынбасары ашады және жүргізеді.

20. Егер Қоғамдық кеңестің жұмысына Қоғамдық кеңес мүшелерінің жалпы санынан кемінде жартысы қатысатын болса, ол заңды болып табылады.

21. Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша отырыстың күн тәртібі толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

22. Қоғамдық кеңестің жұмыс органы ретінде Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің бірі бола болады. Сонымен бірге материалдарды дайындау кезінде Департаменттің басқа бөлімшелерінің, мемлекеттік органдардың немесе қоғамдық ұйымдардың қызметкерлерін іске қосуға болады.

7. Қоғамдық кеңестің шешім қабылдау және Қоғамдық кеңестің дауыс беруін өткізу тәртібі

23. Қоғамдық кеңестің шешімдері, оның ішінде рәсімдік мәселелер бойынша шешімдері отырысқа қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелерінің көпшілік дауысы арқылы қабылданады.

24. Қоғамдық кеңестің шешімдері, әдетте, оның отырыстарында ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

25. Жасырын дауыс беру көпшілік дауысымен қабылданатын Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

26. Қоғамдық кеңеспен қабылданатын шешімдер хаттамамен рәсімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Қоғамдық кеңес мәжілістерінің хаттамалары Қоғамдық кеңес Төрағасымен бекітіледі.

8. Қоғамдық кеңестің қызметін тоқтату

27. Қоғамдық кеңестің қызметі Агенттік Төрағасының шешімі бойынша тоқтатылады.
